



## Кіріспе сөз

Сіз саяхаттауды ұнатасыз немесе сізге жұмыс бабымен үнемі шетелге шығу қажет делік. Алайда сізде отбасыңыздың бір мүшесі – үй жануары бар болса, бүкіл отбасымен демалу немесе үнемі сапарларға шығу қажеттілігі сізге қиындық келтіретін болады. Үй жануарын (иттер, мысықтар, күзендер немесе кез-келген басқа үй жануарлары) шекара арқылы немесе ел ішінде тасымалдау проблемалары күрделі және кейде шешілмейтіндей болып көрінеді. Жануарлардың иелері сапар кезінде белгілі бір қиындықтармен бетпе-бет келеді: шығару немесе кіргізу кезінде құжаттар қайда және қалай ресімделеді, үй жануарының қандай құжаттар болуы керек, қабылдаушы елдегі кіргізу талаптары қандай, қай авиакомпаниялар жануарларды тасымалдаумен айналысады, қай қонақ үйлер жануарлармен бірге тұруға рұқсат береді және сапар кезінде үй жануарының денсаулығына қандай қамқорлық жасалады.

Біз сіздің үй жануарыңызбен саяхаттау туралы ойыңызды іске асыруға, бір-біріңізден көз жазбауларыңыз үшін жолшыбай туындайтын барлық мәселелерді шешуге көмектесеміз.

Алдымен келесі маңызды аспектілерді білу және ескеру қажет:

1. Тек сау жануарларды ел ішімен алып жүруге немесе шетелге шығаруға болады. Ветеринариялық көмекті қажет ететін ауру жануарларды тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ біз қартайған жануарларды сапарға жиі алып шығуға кеңес бермейміз. Егер сіз жануармен шетелге сапарға шығатын болсаңыз, дайындықты жолға шығардан кем дегенде 5 ай бұрын бастаған дұрыс.

2. Жануардың ветеринариялық паспорты болуы тиіс. Егер сіз жануармен бірге шетелге барғыңыз келсе, онда паспорт халықаралық үлгіде болуы керек. Халықаралық ветеринариялық паспортта ең алдымен барлық екпелер туралы ақпарат және гельминттер мен эктопаразиттерге қарсы ем туралы мәліметтер көрсетілуі керек.

3. Жануарларды тиісті үлгідегі микрочиппен сәйкестендіру керек (ентаңба салуға 2012 жылдан бастап тыйым салынды). Микрочип ISO 11784 немесе ISO 11785 стандартына сәйкес келуі керек, әйтпесе жануардың иесі чип оқу құрылғысын ұсынуға тиісті болады. Чиптендіру жануар туралы мәліметтер бірыңғай дерекқорға енгізілген жағдайда ғана жарамды деп танылады. Тағы бір жағы бар: бірқатар елдерде, атап айтқанда ,Финляндияда құтыруға қарсы вакциналау құтыруға қарсы соңғы вакцина салу кезінде микрочипі бар жануарға жүргізілуі тиіс деген талап қойылады. Олай болмаған жағдайда вакциналау жарамсыз деп танылады.

4. 4 апталық жастан асқан иттер, мысықтар және күзендер құтыруға қарсы уақтылы (сапардан кемінде 12 ай бұрын немесе кетер алдында 30 тәулік бұрын) екпе алулары тиіс. Жыл сайынғы уақтылы ревакциналау кезінде 30 тәулікті құрайтын инкубациялық кезең талабы қолданылмайды. Вакцина алумен қатар жоспарлы дегельминтизация (елге әкелерден кемінде 10 күн бұрын және 90 күннен кешіктірмей) жүргізу қажет, бұл

туралы паспортқа ветеринария маманы белгі қоюы тиіс. Айта кететін жайт, вакциналау және дегельминтизация ЕО шекараларын кесіп өтетін жануарларға қолдануға мақұлданған препараттармен жүргізілуі керек. Бұл тізімге клиникаларда жиі қолданылатын Нобивак және антигельминтик Додтал вакциналары кіреді. Ал Финляндия шекарасында құрамында құтыру ауруы бар Эурикан поливалентті вакцинасына қатысты проблемалар туындауы мүмкін. Эуриканмен иммундау кезінде жануармен бірлескен сапарларды жоспарлау үшін Рабизин компонентін қолданған дұрыс.

5. Қазақстан Республикасының аумағымен саяхаттайтын жануарлардың иелері жануарды тасымалдаудың белгіленген күнінен екі күн бұрын "[Қалалық ветеринариялық қызмет](#)" ШЖҚ КМК-дан анықтама алуы тиіс. Жануарды жақын және алыс шет елдерге шығару кезінде осындай анықтамадан басқа тұрғылықты жеріндегі "[ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінен](#)" №1 нысандағы сертификатты алу талап етіледі.

6. ЕО елдеріне жануарларды әкелу Еуропалық Парламент пен Кеңес директивасымен ([regulation \(EU\) No 576 2013](#)) реттелетінін білген жөн, ол жануарларды коммерциялық емес тасымалдауға қолданылатын жануарлардың денсаулығына қойылатын талаптарды, сондай-ақ кіргізуші елдің ішкі ережелерін белгілейді. Кіргізуші елдің ережелерімен [мына жерден](#) таныса аласыз.

ЕО бірқатар елдеріне (мысалы, Швеция, Ұлыбритания, Мальта, Ирландия) жануарларды кіргізу кезінде дегельминтизацияның (эхинококкқа қарсы өңдеу) жүргізілгенін растайтын ағылшын тіліндегі сертификат қажет болады. [Мұндай сертификат](#) сіздің жануарыңызға тиісті рұқсаты бар ветеринариялық клиникада берілуі керек.

ЕО көптеген елдерінде (мысалы, Швеция, Мальта, Ирландия, Ұлыбритания және т.б.) құтыру ауруына қарсы вакциналау тиімділігін растайтын талдау жүргізу туралы [Rabies Antibody Test](#) -жануардың құтыру вирусына қарсы денелері бар-жоғын зерттеу талабы қойылуы тиіс.

8. Көлік түрін таңдау және жануарды сапарға дайындау. Егер сіз жануармен Қазақстан Республикасының аумағы бойынша саяхаттайтын болсаңыз, онда автокөлікпен, теміржол немесе ішкі рейстердегі әуе көлігімен алып жүре аласыз.<https://airastana.com/kaz/kk-kz/Qyzmetterimiz/Arnaiy-qyzmetter/Januarlardy-tasymaldau>

Егер сіз шетелге жануармен бірге сапарласаңыз, онда сіз халықаралық әуе компанияларының талаптарын білуіңіз керек.<https://www.iata.org/en/programs/cargo/live-animals/>

Тасымалдаушының ережелеріне қарай жануар сізбен бірге ұшақтың салонына жіберіледі немесе оны жүк бөліміне тапсыруға мәжбүр боласыз.

9. Сапар алдында сіз тұратын қонақ үйде жануарлар қабылданатынына көз жеткізуіңіз керек.

10. Егер сіз шетелде жүрген кезіңізде үй жануарын тауып алып, оны өзіңізбен бірге алып келгіңіз келсе, онда сіз қағаздарды кері тәртіппен рәсімдеуіңіз керек. Біз сізге осы мәселелерді шешуге көмектесуге әзірміз.

Экзотикалық жануарларды (құстарды, тасбақаларды, бауырымен жорғалаушыларды және басқаларын) кіргізу мен шығаруға келетін болсақ, бәрі әлдеқайда күрделі және әр жағдайда бөлек қарастырылады. Мұндай жануарларды [CITES](#) әкімшілік органы (Жабайы фауна мен флораның сирек кездесетін түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенция)

және әрбір жеке түрді тасымалдау ережелері бөлек тәртіппен қарастырылады.

Бір-біріңізден ажырамаңыз және сапарыңыз оң болсын!

### Құтыруға қарсы денелер бойынша тест

Бұл зерттеуді жануарға жыл сайынғы вакцина салу режимін қатаң сақтаған жағдайда өмір бойына бір рет жүргізу керек. Құтырмаға қарсы денелердің мөлшеріне жүргізілген талдауды құтырмаға қарсы вакциналаудан соң 30 күннен кейін, бірақ алып кетерден кемінде 3 ай бұрын жасауға болады. Кейбір елдерде талдау жасаудың өз нормативтері бар. Мысалы, жануарды Швецияға әкелу үшін талдауды құтыруға қарсы соңғы вакциналаудан 120 күн өткен соң жасауға болады.

Анықтама үшін: Құтыруға қарсы бейтараптандыратын денелердің мөлшері кемінде 0,5 ХБ/мл болуы керек.

Жануарлардың иелері үшін ең үлкен проблема - қарсы денелердің мөлшерін анықтау ЕО аккредиттеген зертханада жасалуы тиіс. [https://ec.europa.eu/food/animals/pet-movement/approved-labs\\_en](https://ec.europa.eu/food/animals/pet-movement/approved-labs_en) Қазақстан Республикасында мұндай зертханалар жоқ. Аккредиттелген зертханалардың көпшілігінің өкілі біздің "[Animal ID Kazakhstan](#)" компаниямыз болып табылады. Біздің компанияның "[Саяхат агенттігі](#)" бөлімшесі жануарлармен бірге саяхаттауға арналған құжаттарды дайындауға маманданған, бірінші кезекте кеңес береді және тестіден өтуге көмек көрсетеді: біз микрочип қою мен вакциналаудан бастап қан алуға, қанды жіберуге, сертификат алуға дейінгі барлық қажетті рәсімдерді жүзеге асырамыз. Сіздің жануарыңыздың халықаралық үлгідегі ветеринариялық паспортында тестіден өткені туралы белгі

қойылады, ал компанияда құжаттардың телнұсқалары сақталады. Осылайша сіз әрқашан бұдан кейінгі саяхаттар үшін бұл ақпаратты қалпына келтіре аласыз. Біздің компания ОАР, АҚШ, Канада, Австралия және басқа да елдердегі зертханаларға қан жөнелтуді жүзеге асырады.

Қан сынамаларын жіберудің ерекшелігі сол - жануардың қаны арнайы әдіспен өңделіп, алғаннан кейін үшінші күннен кешіктірмей зертханаға жеткізілуі керек. Ал зертхана қызметтеріне ақы төлеу қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша ғана жүзеге асырылады және барлық ілеспе құжаттарымен қоса аккредиттелген компаниялардан ғана қабылданады.

Дайындау және тасымалдау рәсімі қарапайым. Микрочип нөмірін бастапқы оқығаннан кейін жануардан қан алынады (бұл небары 2-3 мл), қан центрифугаланады, сарысу бөлініп, арнайы тасымалдау түтігіне орналастырылады (бұл сынаманы бір апта ішінде құтыру тестісін өткізуге жарамды етеді). Дайындалған сынама ағылшын тіліндегі ілеспе құжаттарымен бірге зертханаға курьер арқылы жіберіледі. Тест нәтижелері дайын болуына қарай зертханадан курьер арқылы жеткізіледі.

[Бізге жазыңыз](#), біз сіздің үй жануарыңызды саяхатқа дайындаймыз.

### ЕО мақұлдаған вакциналар тізімі ("RABIES" компонентімен бірге)

ANNUMUNE

AILIRAB

BAYOVAC-LT\*

BAYOVAC-R/T-suspension/T

BAYOVAC-RCP+T\*\*

BAYOVAC-SH+LT\*  
BAYOVAC-SHP\*LT\*  
CADIMUM RAB  
CANDIVAC SHLT\*  
CANDIVAC DHLR  
CANDIVAC SHLT+P\*  
CANIGEN R  
CANIGEN CH(A2)LR\*  
CANIGENCH(A2)PPI/LR\*  
CANIGEN CHA2P/LR  
CANIGEN CHPPi/LR  
CANIGEN LR\*  
CANIGEN MHA2PLR  
CANIMED LT\*  
CANIMED SH+LT\*  
CANIMED SHP+LT  
DEFENSOR  
DELVAVAC-R  
DOG-VAC  
DOHYCAT TETRAFEL RAGE\*\*  
DOHICAT i-RC+PT  
DOHYRAB  
DOHYVAC iR/IR  
DOHIVAC iLT+P  
DURA RAB 1  
DURA RAB 3  
ECLIPSE 3 KP-R\*\*  
ECLIPSE 4 KP-R\*\*  
EGALRAB  
ENDURACELL 7 + RAGE MONO  
ENDURACELL 8\*  
ENDURACELL LR/LEPTO T\*  
ENDURACELL M

ENDURACELL R MONO/T  
ENDURALL – K  
ENDURALL – M  
ENDURALL – P  
EPIRAB  
EPIFAX LT\*  
EPIFAX SH+LT\*  
EPIFAX SHPP+LT\*  
EUFENOR 1-3  
FELAN – R\*\*  
FELIDOVAC RC+PT\*\*  
FELIGEN CRP/R  
FELINIFFA PR\*\*  
FELINIFFA P+T\*\*  
FELINIFFA PT+HC\*\*  
FELINIFFA T+HC\*\*  
FELIRAB PT\*\*  
FELOCELL CVR-T\*\*  
FELOCELL PT\*\*  
FELOCELL T\*\*  
FEL-O-VAX PCT-R\*\*  
FLOVAX PHCT\*\*  
FLOVAX PT\*\*  
GALAXY IR  
HEXADOG  
IMMUNRAB  
IMRAB  
IMRAB-1  
IMRAB-3  
IMRAB-R  
IVENRAB  
LEPTORA\*  
LEPTORABISIN\*



LT-VAC T  
MADILEP LT\*  
MADILEP LT+P\*  
MADIVAK  
MADIVAK FLUSSING  
MUNORAB-3  
NOBI-VAC DHP+RL  
NOBI-VAC LT  
NOBI-VAC RL  
NOBI-VAC SH PARVO-C+LT\*  
ONTAVET R  
PARVOLEPTORABISIN  
PENTADOG  
QUADRICAT  
RABCINE  
RABCINE-3  
RABDOMUN  
RABGUARD-TC  
RABICELL  
RABIES-VAC  
RABIFFA  
RABIFFA R  
RABIGEN  
RABIGEN MONO  
RABIGEN SUSPENSIE  
RABILABUN  
RABISIN  
RABIVAC INACTIVADA  
RABVAC  
RABVAC 1  
RABVAC 3  
RM FELINE 4+IMRSB 3\*\*  
RM IMRAB 1

RM IMRAB 3  
SHP+LT VAC VEMIE\*  
TOBIVAC DESSAU  
TOLLWUT-IMPSTOFF JANSSEN  
TRIMUNE  
UNIRAB  
VACCIDOG R TPIMUNE  
VANGARD RABIES  
VIRBAGEN-CANIS SHA2 P/LT\*  
VIRBAGEN-CANIS LT\*  
VIRBAGEN-CANIS SHA2 PPI/LT\*  
VIRBAGEN CANIS SHPPi/LT  
VIRBAGEN CANIS SH/LT\*  
VIRBAGEN FELIS RCP/T\*\*  
VIRBAGEN FELIS SHPPi/LT  
VIRBAGEN SHAIPI/LT  
VIRBAGEN TOLLWUT suspension/lyophil./-impstoff  
VIRBAGEN T

"Мериал" компаниясының құтыруға қарсы вакциналары ішінен тек "Рабикан" ғана жарамды.



Copyright © 2012-2021  
All Rights Reserved  
«Animal ID Kazakhstan» LLC